

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Қыран» топ Бала саны 25				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Тоғызбаева Жақсыгул Арапбаева Гулнұр				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	05.12 - 09.12.2022				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Тәуелсіз - Қазақстан» салтанатты іс-шараға байланысты тақпақ беру, ата-аналармен салтанатты іс-шараға байланысты әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Жабық өсімдіктерге бүріккіш пистолеттен су бүрку". Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою, тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті байқауға, ұжымда тату-тәтті еңбек етуге үйрету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қояды үйрену. Ниетін тәрбиелеу еңбек етуге, ересектерге көмектесу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шанды кетіру әдісін таңдауға үйрету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)

	түсіру. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
	Аулаға қар жауды. Мақсат-мідеттер: балаларды бор мен қылқалам арқылы аулаға қардың жауғаны туралы сюжетті салуды үйрету; бормен сурет бейнелерінің, ағаш пен үйдің, сұлбасын салып, қардың суреттегі түрлі жерлеріне қылқаламның ұшымен не жақпалау техникасын пысықтау. (шығармашылық іс-әрекеті) Дидактикалық ойын «Ненің ізі?» Мақсат-міндеттер:	"Бұл не?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Логикалық ойлауды, есте сақтауды, тапқырлықты дамыту. Балаларға тірі және жансыз табиғат нысанын сипаттауға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту, ойынға қызығушылықты тәрбиелеу. Ойын барысы. Тәрбиеші тірі немесе жансыз табиғат нысанын ойлап, оның белгілерін атай	"Сөйлемді аяқта" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Құбылыстар арасындағы себептік байланысты түсінуге үйрету; сөздерді дұрыс таңдауға жаттығу жасау. Балаларға сөйлем құрауға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, келісілген сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Дидактикалық ойынға қызығушылықты тәрбиелеу. Ойын барысы. Тәрбиеші сөйлемді	Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап». Мақсат-міндеттері: балаларды әр аңның көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. Аңдардың атауын атап, сипаттауға үйрету. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, қазақ тілі)	Үшінші артық Дидактикалық материал: үй және жабайы жануарлары бейнеленген карталар. Ойын барысы. Балаларға жануарлар бейнеленген карточкалар таратылады. Балалар қай жануардың артық екенін анықтауы керек. - Қой, сиыр - үй жануарлары. Олар адамның жанында тұрады. Түлкі - жабайы жануар, ол орманда тұрады. Түлкі - бұл орман жануары, жабайы аң және т. б.

	байқампаздыққа, ұқыптылыққа үйрету. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, қазақ тілі)	бастайды, ал балалар жалғастырады. Мысалы: Жұмыртқа - сопақ, ақ, үлкен, үсті қатты, қоректік, дүкеннен табуға болады, жеуге жарамды, одан балапандар шығады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	бастайды: «Мен жылы тон кидім, өйткені...», «Балалар бастарына панама киді, өйткені...», «Далада жаңбыр жауып тұр, өйткені...» (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)		(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, қазақ тілі)
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығу 1.Бастапқы қалып: дене тік, қол белде 1 - оңға адым жасап, қолдарын жанына жіберу; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол белде 1 - оңға еңкейіп, сол қолын басына қою; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде 1 - 2 - отырып, қолдарын алға созу; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: жерде отырып, қолдарын артқа түзу тіреді; 1 - аяқтарын түзу ұстап, жоғары көтеру ""бұрыш"" жасау (иықтарын кушитпау);				

	2 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: тізеге отырып, қолды белге қою; 1- денені оңға бұрып, оң қолды сол жақ аяқтың өкшесіне тигізу; 2- бастапқы қалып (3-4 - жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолдарын бастарына қою. 1- оң аяғын түзу көтеріп, саусақтарын башпайларға тигізу; 2 - бастапқы қалып (3-4 - жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады). 7. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. 1 - 4 - дейін санау арқылы оң жаққа секіру, 5-8 санау арқылы сол жаққа секіру, 9-12 - екі аяқпен секіру, кідіріс жасап, жаттығуды 2-3 рет қайталау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Тағамның қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру: тәтті, тұзды; тағамдардың аттарын бекіту. Көркем сөз Ірімшікті кеміріп, Тышқан отыр керіліп. Мысық сүтті ішіп -ап, Бет жұмайды ерініп. Ботқа жеймін дейсің бе? Қазір жасап беремін. Сүт ботқасын көп жесең, Жылдам өсіп кетесің. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Қыс" мезгілінің ерекшеліктері. Мақсат-міндеттері. "Қыс" мезгілінің	Шаттық шеңбері Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар	Мнемокесте бойынша отбасы туралы өлеңдер жаттау.	Үстел-үсті ойыны: "Керекті киімді табыңыз" Мақсат-міндеттер:	"Қыс" мезгілінің ерекшеліктері. Мақсат-міндеттері. "Қыс" мезгілінің

	суретіне қарап әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	жандарға Ертемен ақ пейілмен Ертемен ақ пейілмен "Қайырлы таң!"-деймін мен. Күндіз де елді елеймін: Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін «Кеш жарық!»-деп кіремін. Шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасайды. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Мақсат-міндеттер: зейін, есте сақтау қабілетін дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге, зейін, есте сақтау және логикалық ойлауға тәрбиелеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	суретіне қарап әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері "[қ] дыбысы және Ққ әрпін қайталау" Мақсат-міндеттер: [қ] дыбысымен және әрпімен таныстырып, сөздерге дыбыстық талдау жасап білуге үйретуді қайталау. Қазақ тілі	Сауат ашу негіздері "[е] дыбысы және Ее әрпі" Мақсат-міндеттер: [е] дыбысы және әрпі жайлы түсініктер қалыптастыру. [е] дыбысы мен әрпін оқуды, жазуды меңгерту.	Математика негіздері "Туған жеріміз - Қазақстан!" пысықтау Мақсат-міндеттер: балаларды 1-ден 8-ге дейін жылдам тура және кері санауға жаттықтыру; заттар жиыны мен	Математика негіздері Жаңа жыл - кімнің мерекесі? Мақсат-міндеттер: балалардың бірден сегізге дейінгі сандардың және олардың құрамы жөніндегі білімдерін пысықтау; саны сегіз	Сауат ашу негіздері "[е] дыбысы және Ее әрпін қайталау" Мақсат-міндеттер: [е] дыбысы және әрпі жайлы түсініктер қалыптастыру. [е] дыбысы мен әрпін оқуды, жазуды меңгерту.

	Қазақстанның қазба байлықтары. Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы Қазақстан және оның табиғи байлықтары туралы білімдерін кеңейту; ауыз су, көмір, бидай, мұнай, кен, газ, көл, теңіз, дала, тау, орман сөздерінің мағынасын түсіндіру; онға дейін санау және кері санауға жаттықтыру; туған жердің құндылығы туралы түсініктерін дамыту; балаларға қарапайым сөз тіркестері мен сөйлемдерді құрастыруды, Қазақстанның байлығы туралы қазақ тіліндегі ақпаратты тыңдауды,	Математика негіздері Туған жеріміз - Қазақстан! Мақсат-міндеттер: балаларды 1-ден 8-ге дейін жылдам тура және кері санауға жаттықтыру; заттар жиыны мен цифрларды сәйкестендіруді меңгерту. Музыка "Көк тудың желбірегені" Мақсат-міндеттер: балалардың ән арқылы туған жерге деген мақтаныш сезімін қалыптастыру; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру. Сөйлеуді дамыту	цифрларды сәйкестендіруді меңгертуді пысықтау. Қазақ тілі П-Б дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері). Мақсат-міндеттер. Балаларды [-п], [-б] дыбыстары мен П п, Б б әріптерін таныстыру; П п - Б б әріптерін ауада жазып көрсету; [-п], [-б] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, дыбыстарды естуді, ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға	шыршалар кескіндерінің биіктігін көз өлшемі және қатарға тізбектеу арқылы салыстыру біліктерін жетілдіру. Сөйлеуді дамыту "Қысқы ертегі" пысықтау. Мақсат-міндеттер: қыс туралы білімдерін кеңейте отырып, қыс ерекшеліктері туралы мәлімет беру, ертегі оқып беру арқылы сұрақ жауап ұйымдастырып ауа-райының өзгеруінің түсіндіруді пысықтау. Музыка "Келді, міне, Жаңа жыл!" Мақсат-міндеттер:	Жапсыру "Үшбұрыштан шыршаны жапсырамыз" Мақсат-міндеттер: балаларды қағаз бетіндегі жаңажылдық шырша сұлбасының ішіне біртекті етіп үшбұрыштарды жапсыруға, шаршыны бұрып, тең ортасынан бүктеу арқылы, диагональ бойымен кесіп, үшбұрыш пішіндерді шығаруға үйрету. Дене шынықтыру Арқаннан екпінмен қарғу Мақсат-міндеттер: балаларды арқаннан (жіптен) секіру кезінде тез және екпінмен қарғуға үйрету.
--	---	---	--	--	--

	түсінуді және осы тілде сөйлеуді үйрету; Қазақстанның байлығы туралы жалпы әңгіме құрастыру барысында коммуникативтік қарым-қатынас дағдыларын дамыту, кеңістіктік қиял, есте сақтау, ойлау негіздерін дамыту; патриоттық сезімге, туған жердің табиғи байлықтарына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Дене шынықтыру Бір, екі.. секіреміз! Мақсат-міндеттер: балаларда сап түзеуден бір қатармен қайта тұру дағдыларын дамыту; балаларды түзу	"Қысқы ертегі" Мақсат-міндеттер: қыс туралы білімдерін кеңейте отырып, қыс ерекшеліктері туралы мәлімет беру, ертегі оқып беру арқылы сұрақ жауап ұйымдастырып ауа-райының өзгеруінің түсіндіру.	дағдыландыру; [-п], [-б] дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөздің басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету; [-п], [б] дыбыстары кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру; көркемсөз арқылы туған жерге сүйіспеншілікті қалыптастыру; ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Дене шынықтыру Бір, екі.. секіреміз! пысықтау	балалардың әнге қызығушылығын мен ықыласын ояту; әнді көтеріңкі көңіл-күйде эмоционалды қабылдай білуге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру Көліктердің қыстағы пайдасы Мақсат-міндеттер: балаларға көшені қардан тазалайтын көліктерді бақылауға үйрету; көліктердің түрлері жыл мезгіліне немесе ауа райына байланысты қолданылатыны туралы ұғымдар қалыптастыру; көліктердің пайдасын, қажетін өмірлік жағдаяттарда түсінуге баулу.	Көркем әдебиет Тәуелсіз - елім менің Қазақстан! пысықтау. Мақсат-міндеттер: өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып оқу, сөздердің мағыналарын түсіндіруді пысықтау.
--	---	---	---	--	--

	бағытта (арақашықтығы 6 м) секіру; асықты дәлдеп лақтыруға үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру Қазақстанды мекендейтін жануарлардың жіктелуі Мақсат-міндеттер: балалардың Қазақстан жерін мекендейтін жануарлардың жіктелуі туралы ұғымдарды жетілдіру; жануарлар мен өсімдіктердің құруына әкеп соғатын себептерді түсіндіру.		Мақсат-міндеттер: балаларда сап түзеуден бір қатармен қайта тұру дағдыларын дамыту; балаларды түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) секіру; асықты дәлдеп лақтыруды пысықтау. Көркем әдебиет Тәуелсіз - елім менің Қазақстан! Мақсат-міндеттер: өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып оқу, сөздердің мағыналарын түсіндіру.		
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Балаларды киінудің ретімен таныстыру қажет; жылдың кез келген уақытында киім мен аяқ киім қазіргі уақытта				

	ауа-райына сәйкес болуы керек және балалардың бастарына күн өтпеуіне немесе жеңіл бас киімдер кию. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Ағаштардағы қырауларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Бақылау: қыраудың пайда болуы туралы түсінік беру. Балалардың назарын қар еріген кезде, күрт суық түскенде және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқанын, ағаштарда, орындықтарда және басқа заттарға қарап бақылауды ұсыну. Қырау – бұл қатты шық. Түнде жердің үстіндегі ауа салқындайды.	Бұрқасынды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақал. Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды. Ырым. Қыста бұрқасын көп болса, жазда жауын-шашын болады. Бақылау: бұрқасын туралы түсініктерін қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып, әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады.	Қар басуын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Жұмбақ. Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) Болжау. Қар түссе - күн жылынады Бақылау: балаларға қардың жауғаны жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы айту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе	Күннің көзін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Жұмбақ. Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (күннің көзі) Бақылау: қыс мезгілінде күннің көзін бақылауды жалғастыру. Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн (бұлыңғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды). Қыстың ортасында	Аспанды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Жұмбақ. Дүниеде бір қарбыз бар солмайтұғын, Жаз шіріп, қыста үсіп тоңбайтұғын. Жаһанның жерін, суын, жәндіктерін, Іші кең, бәрін салса толмайтұғын. (аспан) Бақылау: балалардың көк аспан жөніндегі ой-пікірлерін байыту. Аспан қыс басында ашық бұлттармен жамылғанын атап өту. Қыс аяғында аспан көкпеңбек, өте әдемі, таза болады.

	Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатырады, сөйтіп және қырау болады. Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көріп бақылау, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету. Қимылды ойындар: «Бірінші бол». (дене шынықтыру) Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру), қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б.)	Егер қар үрлеп құйындатса – бұл табиғат құбылысы бұрқасын деп аталады. Қимылды ойын. «Әткеншек». (дене шынықтыру) Берілген қарқында қолдарынан ұстап шеңбер бойынша жүре білуін бекіту (жылдам, баяу, басқа бағытта және т.б.). Жинақылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. Еңбек: балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды сыпыруға және тазалауға үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: Ойын тақырыбын бір-	секілді, жерді қымтайды. Қимылды ойын: «Қармен ойнау». (дене шынықтыру) Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды атып, дәлдеп лақтыруға жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру. Еңбек: күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу. Өз бетімен ойындар: тыныш қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру;	күннің көзі айқын, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды. Күннің жоғары тұрғанына көңіл бөлу керек. Қимылды ойын: «Жоғары лақтыр». (дене шынықтыру) Қимыл қозғалысты ойынды өз бетінше ұйымдастыруға бейімдеу, топқа бөліну, ойын тәртібін сақтау. Балалардың бір-бірімен араласа білуін жетілдіру. Еңбек: құстарды тамақтандыру. Қыстап қалған құстарды қоректендіруге көңілін бөлу. Құстарды тамақтандыруға арналған жәшіктер әзірлеу, оларды ағаш басына ата-	Қимылды ойын: «Ұйымдастырушылар». (дене шынықтыру) Бір-бірінің қолдарын алып, шеңбер бойынша қозғала білуге үйрету; спорттық ойын түрлерін көрсетудегі қозғалыс түрін білу және оны атау. Ойынға қатысуға ынталы болуға тәрбиелеу. Еңбек: ағаштардың жиектерін қармен жабу. Өсімдіктерге құрметпен қарауға және нақты қызығушылыққа тәрбиелеу, еңбектің мәнін түсіндіру (тұқымның үсіп кетпеуін). Еңбек ету дағдыларын дамыту. Өз бетімен ойындар: табиғат
--	--	--	---	--	---

	жылдам және еппен іс-әрекет жасау. Еңбек: мұзды жол әзірлеу. Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбыларының әрекеттерін келістіре еңбектену. Өз бетімен ойындар: балаларға ойын тақырыбы мен мазмұнын түрлендіру; өз пікірін айту дағдыларын жетілдіру, өз құрбыларының пікірлерімен келісу, олардың рөлдер, ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын жетілдіру.	бірімен ақылдасып таңдап алуға, ойыншықтармен бөлісіп тату-тәтті ойнауға тәрбиелеу.	дербестілігін және бастамашылдығын көтермелеу.	аналармен бірге ілу. Өз бетімен ойындар: бір-бірімен тіл табысып, тату ойнауға тәрбиелеу.	жағдайын есепке ала, іс әрекет және ойын үшін жағдай жасау. Жағымды тәртіпті қалыптастыру.
--	---	--	---	--	---

Серуеннен оралу	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Тағамның қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру: тәтті, тұзды; тағамдардың аттарын бекіту. Көркем сөз Ірімшікті кеміріп, Тышқан отыр керіліп. Мысық сүтті ішіп -ап, Бет жұмайды ерініп. Ботқа жеймін дейсің бе? Қазір жасап беремін. Сүт ботқасын көп жесең, Жылдам өсіп кетесің. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Күндізгі ұйқы	Ұйықтауға ыңғайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты). Аяқ массажы. Мақсат-міндеттер: төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатындығын үйрету. Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау. (дене шынықтыру)				

Бесін ас	Гигиеналық дағдылар Тағамның қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру: тәтті, тұзды; тағамдардың аттарын бекіту. Көркем сөз Ірімшікті кеміріп, Тышқан отыр керіліп. Мысық сүтті ішіп -ап, Бет жұмайды ерініп. Ботқа жеймін дейсің бе? Қазір жасап беремін. Сүт ботқасын көп жесең, Жылдам өсіп кетесің. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дамытушы ойын. "Суретшінің қатесін тап". Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға	Дидактикалық ойын. "Қарама-қарсы сөздер" (мезгілдер және құбылыстар). Мақсат-міндеттер. Заттар мен құбылыстардың қасиеттері туралы балалардың білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшаңдығына, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту;	Дидактикалық ойын «Сыңарын тап». Мақсат-міндеттер: балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойын ережесі:	"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттер: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу. Ойынның барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр.	«Қимылды қайтала» саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту. Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді (кейбір

жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына деген қызығушылықтарды арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағындай кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары	сөздік қорды байыту. Шарты. Балалар педагог ұсынған әрбір сөзге қарама-қарсы сөздерді атап отыруы тиіс. - Лас - (Таза). - Қараңғы - (Жарық). - Түн - (Күндіз). - Ылғалды - (Құрғақ). - Жаңбыр - (Қар). - Аспан - (Жер). - Таң - (Кеш). - Су - (Мұз). - Су - (Бу). - Жаз - (Қыс). (қарым-қатынас іс- әрекеті) Еркін ойын: "Соқыр теке" Мақсат-міндеттер: жылдамдықты, ептілікті, зейінді, есте сақтауды дамыту. Ойын барысы:	геометриялық пішіндерді алып, ортасынан бөлу. Балалар сол геометриялық пішінді тауып құрау қажет. Ойын бірнеше рет қайталанады және геометриялық пішіндердің түр- түстерін айтып беруге тиіс. (қарым-қатынас іс- әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті) Еркін ойын: "Айдапсал". Мақсат-міндеттер. Балалардың зейінін, коммуникативтік қабілеттерін жетілдіру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойнаушылар екі	Олардың арасынан қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық. Балалар суреттерді жылдам қойып шығады. (қарым-қатынас іс- әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы". Мақсат-міндеттер. Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдардың нығайту; отбасы мүшелерінің әрқайсының рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенге	саусақтар бүгулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Балалар сол қимылды тура солай қайталау керек. (қарым-қатынас іс- әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті, қазақ тілі) «Заттарды салыстыру». Мақсат-міндеттер: балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету. Ұғымдардың мағынасын түсіндіріп, бір- бірінен ажыратуға баулу. Ойын-тілін танымдық әрекетін дамытып, баланы өзін қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
--	--	---	---	---

	қарай емес, жоғарыдан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаштағы ұяда емес, аулада, ағаш үйшікте тұрады", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады", т.б.. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтар" дүкені".	Ортамыздан біреуімізді сайлаймыз, Орамалмен көзін байлаймыз. Қалғанымыз оны түртіп қашамыз, Тым қырағы, сақ боламыз аса біз. Ұмтылады ол оң мен солына, Тырысамыз түспеуге оның қолына. Кім ұсталса, соның көзі байланар, Ол ұстайтын бейғам бала қайда бар? - деп, ойынға қатысушы балалар бытырап қашады. Ал, көзі байланған бала оларды ұстап алуға тырысады. Қашып жүрген балалар арасында алақандарын соғып, дыбыс беріп қояды. Ойында ұсталған	топқа тең бөлінеді де, бірінші топ үйдің сыртына шығып, екінші топ үйде қалады. Ойынды басқарушы сыртта тұрғандардың есімдерін үйде отырғандарға қойып, өзі белгілеп алады. Содан кейін сырттағы ойыншыларды бір-бірлеп шақыра бастайды. Ойынның шарты бойынша, сырттан кірген ойыншы отырғандардың ішінен өз есімі берілген ойыншыны табуы керек. Ал өз есімі берілген ойыншыны тапқандар соның қасына барып отырады, айып тартпайды. Айып	құрмет, жақынына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Құралдар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері. Шарты. Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін бөліседі, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог алдымен балалармен бірге күн тәртібіндегі қандай	Ойын атрибуттары: суреттер, ойыншықтар. Ойынның барысы: балалар әр түрлі заттарды салыстырады, суретін салады, айырмашылығын белгілері бойынша айтады. Жуан - жіңішке Кең - тар Биік - аласа Үлкен -кішкентай Ұзын -қысқа Ұғымдарын үйрету. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)
--	--	---	--	---	--

	Мақсат-міндеттері. Балалардың "Ойыншықтар" дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым- қатынастарға тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, ойыншықтар, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары. Шарты. Сатушы өз қалауы бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат,	бала - ойынды одан әрі жүргізеді. (дене шынықтыру, қарым-қатынас іс- әрекеті)	тартушылар көпшіліктің ұйғаруымен өлең айтады, би билейді, т. б. өнер көрсетеді. Келесі жолы екі топ орындарын ауыстырады. (қарым-қатынас іс- әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті, дене шынықтыру)	оқиганы ойнау қажет екендігін анықтап алады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. (қарым-қатынас іс- әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті)	
--	---	---	--	--	--

	смартфон) ойыншықтардың бірін тандап, өз қалауларын айтып жатады. Сатушы ойыншықтарды сөрелерге орналастырып, бағаларын анықтайды, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтып, оны "сатады". Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. (қарым-қатынас іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)				
--	--	--	--	--	--

Балалармен жеке жұмыс	Қызықты логикалық есептер шығару. Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау жаттығуларына машықтандыру. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	"Қоянға көмектес" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері: заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға дағдыландыру. (танымдық іс-әрекеті)	"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері: таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; балалардың кейіпкердейдің сөздерін жатқа білуге деген құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Сөздерге дыбыстық талдау жаттығуы. Мақсат-міндеттері: балалардың фонематикалық есту, ойлау, зейін, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: түрлі объектілердің көрнекі суреттері, дыбыстық талдауға фишкалар. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)	Ертегілерді ойдан шығару жаттығуы. Мақсат-міндеттері: балаларды ұнаған суреттердің негінде жаңа ертегі, оқиғаны ойдан шығарып, әңгімелеуге машықтандыру; шығармашылық ойлауды дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)
Серуенге дайындық	Балаларды киінудің ретімен таныстыру қажет; жылдың кез келген уақытында киім мен аяқ киім қазіргі уақытта ауа-райына сәйкес болуы керек және балалардың бастарына күн өтпеуіне немесе жеңіл бас киімдер кию. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Музыкалық аспаптармен ойындар. Салтанатты жиынға дайындық. (музыка) Өнер бұрышында қыс тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Біз бір аптада не істедік"тақырыбындағы көрме.	Кеңес беру. «5 жастағы балаға қандай ойыншықтар пайдалы».	«Балаңыз туралы не білу керек?» тақырыбында кеңес беру.	«Тәуелсіз - Қазақстан» салтанатты іс-шараға байланысты тақпақ беру, ата-аналармен салтанатты іс-шараға байланысты әңгімелесу.	Жоба «Жаңа жылдық шырша» көрмесі.

Әдіскер: **А.А Сулейменова**